

Консультациялық пункт

Қош келдіңіздер!!!

Құрметті ата-аналар!

- Сіздің балаңыз балабақшаға барады ма?
- Сізде баланы тәрбиелеу және оқыту бойынша мамандарға сұрақтар бар ма?
- Сіз жас анасыз, психологиялық және педагогикалық қолдау қажеттілігі бар ма?

Онда бұл ақпарат Сіз үшін!

Сіздер үшін, біздің балабақша базасында:

Мектеп жасына дейінгі балаларға, балалары бар ата-аналарға психологиялық-педагогикалық, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету жөніндегі консультациялық пункт бар.

Бізбен байланыса отырып, сіз меңгеруші, логопед, педагог-психолог, тәрбиеші, әдіскер, медбике мамандарынан тегін көмек ала аласыз.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына консультациялық көмек көрсету арқылы мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру болып табылады.

Консультациялық пункт мынадай міндеттерді іске асырады

*мектеп жасына дейінгі балаларды отбасылық тәрбие нысанында тәрбиелеп отырған отбасыларға әдістемелік, психологиялық- педагогикалық және консультациялық көмек көрсету;

- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық құзыреттілігін арттыру
- білім беру мекемелеріне бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге жәрдемдесу мүмкіндіктерді қамтамасыз ету
- білім беру мекемелеріне бармайтын мектеп жасына дейінгі балалардың кешенді профилактикасын жүргізу
- ата-аналарды балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы жаңа ақпараттық технологиялармен таныстыру

Консультациялық пункт қызметінің негізгі нысандары

- мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына арналған жеке және топтық кеңестер
- мектеп жасына дейінгі балаларға арналған топтық және жеке түзету-дамыту сабақтары